

Алматы облысында қант қызылшасын өндіруді қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 маусым N 765

Қант қызылшасын өндірудің өсуін және оны қайта өңдеу өнімдерін ынталандыру мақсатында және Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" Р990357_1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңының 22-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы облысы әкімінің "Қазақстан Ұлттық Жинақ банкі" ААҚ-нан заңдарда белгіленген тәртіппен қант қызылшасын өндіруді және өңдеуді қаржыландыру үшін "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңымен бекітілген жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуының жиынтық лимитінің шегінде 250 (екі жүз елу) миллион теңгеге дейін көлемде заем тарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.09. N 946 қаулысымен. Р 990946_

2. Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі жобаны техникалық-экономикалық сараптамалауды жүзеге асырсын және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қорытынды берсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) заем қаражатын тартудың қаржылық шарттарын сараптамалауды жүзеге

асырсын;

2) мемлекеттік борышты басқарудың шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың заемды тіркеуін және тартудың мониторингін, оны өтеуін және оған қызмет көрсетуін қамтамасыз етсін.

4. Алматы облысының әкімі:

1) заем қаражаттарын мақсатты пайдалануды;

2) қарыз алудың нәтижесінде туындайтын міндеттемелерді жергілікті бюджеттің қаражатынан өтеуді және қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Омарбекова А.
Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК